

LESSON STADY-БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨСУІНІҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Жанбала Гүлдана Байболатқызы

zhubangaliyag@mail.ru

6B01902 - Арнайы педагогика (IP) білім бағдарламасының II курс студенті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Жұбанғалиева Г.Г.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі трансформациялар болашақ мұғалімдерден тек пәндік білімді ғана емес, сонымен бірге жоғары сапалы зерттеушілікті талап етеді. Университет қабырғасында алған теориялық білімді мектеп практикасында тиімді қолданудың ең озық әдістерінің бірі - **Lesson Study (сабақты зерттеу)** әдісі. Бұл әдістің өзектілігі - оның «іс-әрекеттегі зерттеу» (Action Research) моделіне негізделуінде. Болашақ мұғалім үшін Lesson Study жай ғана сабақ өткізу емес, ол - оқушының білім алу процесін іштен бақылау, блоктарды анықтау және серіктестермен бірлесе отырып оқытуды жетілдіруге көмек. Бұл мақаланың мақсаты - Lesson Study әдісінің студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы практикалық рөлін негізі және оны тәжірибеде қолданудың қадамдарын айқындау. Lesson Study әдісі арқылы студенттердің бойында қалыптасатын кәсіби құзыреттерді үш негізгі блокқа бөлуге қарастыруға болады:

1. Аналитикалық және құзыреттілік

Дәстүрлі практика кезінде студент көпке «Менің сабағым қалай өтті?» деген сұраққа жауап іздейді. Ал Lesson Study форматында сабақ назары «Оқушы қалай оқыды?» деген сауалға көңіл аударылады. Болашақ маман үш түрлі топтағы (А – жоғары, В – орта, С – төмен) фокус-оқушыларды тандап, олардың әр тапсырмаға деген реакциясын бақылайды. Демек, сабақты жәй беріп қана қоймай оқушының нені түсінбегенін зерттеуді үйренеді.

2. Коллаборативті (ынтымақтастық) құзыреттілік

Lesson Study - жеке жұмыс емес, ұжымдық зерттеу. Студенттер тобы (3-4 адам) бірлесе отырып, сабақтың мақсатын бірге түзеді, күтілетін нәтижені болжайды, сабақтан кейін конструктивті байланыс беріп, «сынды» кәсіби даму құралы ретінде қабылдауды үйренеді. Бұл «мұғалім — жалғыз маман» деген стереотипті бұзып, бірге отырып әрекет ету мәдениетін құрады. Бұл кезеңде топпен жұмыс жасай отырып, сынды дұрыс қабылдауды үйренеді.

3. Рефлексиялық құзыреттілік

Бұл рефлексиялық құзыреттілік Lesson Study-дің ең үлкен бөлігі. Өйткені циклден кейін (Жоспарлау - Өткізу - Талқылау) болашақ педагог өз жұмысына сыни қарайды. Ол өз қателігін «сәтсіздік» емес, «тәжірибе» және «зерттеу нысаны» ретінде көруді бастайды. Lesson Study циклінің мазмұнын алдымен жоспарлау қадымынан бастайтын болсақ, бұл кезеңде зерттеу тобы сабақ жоспарымен қоса «Оқушының алдын ала портретін» сызады. Оқушылардың жоспарын ескере отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді (қадам, белсенді оқыту әдістері) сабақ жоспарына енгізу.

Мақсат қою: «Бұл сабақта оқушыларға қандай кедергі болуы мүмкін?» деген сұрақ төңірегінде жүреді. Фокус-оқушыларды болжау: Топ мүшелері А, В, С топтағы білім алушылардың әр тапсырмадағы реакциясын алдын ала болжайды. Мысалы: «*Әрекеттегі оқушыға қосымша нұсқаулық қажет болады*». Әдісті таңдау: Проблеманы шешуге ең тиімді деген стратегия (белсенді оқыту, модельдеу) таңдалып, сабақ жоспарына «қосылады». Келесі кезең сабақты өткізу және бақылау: Назарды аудару: Бақылаушылар мұғалімнің жүріс-тұрысын емес, оқушының білім алу процесін бақылайды. Дерек жинау: Бақылаушылар арнайы карталарға фокус-оқушының пайдасын, оның қай уақытта жоғалғанын немесе қай тапсырмада көзінде «от болғанын» жазып алған. Дәлелдеме алу:

Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің суреттері, топтық жұмыс кезіндегі диалогтары жазып алу. - келесі кезеңдегі негізгі құжаты. Соңғы кезең сабақты бірлесе талқылау және рефлексия: Бұл - циклдің ең маңызды, әрі «ыстық» кезеңі. Өйткені талқылау қатаң этика бойынша жүреді: «мұғалімді сынау емес, сабақты жақсарту» бағытын көздейтін кезең. Деректерге сүйену: Талқылау «маған ұнады/ұнамады» емес, «бақылау парағындағы дерек бойынша А оқушысы мына тұста қиналды» деген нақты фактілермен жүреді. Интервью алу: Сабақтан кейін оқушылардан алынған қысқа сұхбаттар туралы ақпарат. Оқушының пікірі мұғалімнің жоспарына түзетуге негіз болады. Сабақтан кейін оқушылардан «Сабақтың қай бөлімі ұнады?», «Қай тапсырма қызықты болды?» деп сұхбат алу. Талқылау соңында «Келесі сабақты жақсырақ өткізу үшін не істейміз?» деген сұраққа жауап беріліп, жаңа жоспар жазылады.

Зерттеудің мақсаты - статистика жинау емес, оқу процесінің «ішкі механизмін» түсіну.

- А оқушысы (Жоғары деңгейі): сабақ тым оңай емес пе? Ол зерігіп отырған жоқ па? оның әлеуетін қалай толық ашуға болады?
- В оқушысы (Орта деңгейі): Ол материалды қалай қабылдайды? Қай жерде кідіреді? Орташа баланың ілгерілеуіне не кедергі?
- С оқушы (Төмен деңгейі): тапсырма тым қиын ба? Ол топтық жұмыстарға қатыса ала ма? оны қалай қолдау керек?

Егер біз осы үш деңгейді түсінсек, демек, бүкіл сыныпқа арналған «алтын орталықты» таба білгеніміз. Бұл — микроскоппен қарау сияқты. Бүкіл сыныпқа «телескоппен» жалпы қараудан, 3 баланың үлгерімін, дамуын «микроскоппен» зерттеу тиімдірек. 25 студенттің бәрін бақылаймыз ба деген сұрақ туындауы мүмкін. Жоқ, барлығы бірдей секундтап бақылаудан көрсеткіш ала алмаймыз. Сабақ кезінде - Мұғалім: Бүкіл топпен (25 студентпен) жұмыс істейді, сабақты жүргізеді. Бақылаушылар (сіздің әріптестеріңіз): Олар топтың ішіне алынған. Бақылаушы А, В, С топты бақылайды.

- Бақылаушы қалған студенттерге де назар аударады, бірақ оның басты міндеті — өзіне бекітілген фокус-оқушының әрбір іс-әрекетін (дәптерге не жазды, кімнен көмек сұрады, қашан қолын көтерді) жазып алу.

3. Бұл жолмен қалай жүреміз деп сұрақ туындаса?

Фокустағы 3 оқушыны бақылай отырып, басқа оқушылардың да сабаққа қаншалықты қатысып отырғаны айқын болады. Бәрін бақылау — назардың шашырауына әкеледі (сапа жоғалады). 3 фокус-оқушыны бақылау — оқытудың тереңдігін көрсетеді (сапа артады). Lesson Study процесіндегі бақылаушы топтың қызметі — бұл мұғалімнің іс-әрекетін емес, ең бірінші оқушының білім алу процесін зерттеу. Бақылаушы «неге мұғалім бұлай істеді?» дегеннен бұрын, «оқушы неге бұлай жауап берді?» немесе «бұл оқушының ойлауына қалай әсер етті?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Бұл бақылаушы топтың нақты міндеттері мен бақылау парақшасын толтырудың бақылау-тетігімен нұсқаулығы берілген. Бақылаушы топтың негізгі қызметі 2-3 мұғалім бақылаушы (А,В,С) оқушыларын сабақ басталмас бұрын бөлісіп алады. Оқушыны таңданнан кейін деректер жинайды онда оқушылардың сөйлеген сөздерін, салған суреттерін, бір-бірімен қарым-қатынасын және тапсырманы орындау сәтін бақылайды. Бұл жерде мұғалімді емес, оқушылардың жұмыс істеу сәтін, дәптерлерін, тақтадағы жауаптарын түсіріп алу қажет, бұл кейін зерттеуге дәлел ретінде пайдалануға қажет болады. Сабақ барысында бақылаушы топ сабақ беріп тұрған мұғалімнің жұмысына араласпау қажет, оқушыларға ешқандай кедергі беруге болмайды, сабақ барысында оқушыға көмек көрсетуге болмайды. Бақылау парақшасы - бұл сабақтың стенограммасы емес, оқушының даму картасы. Онда мынандай бағыттар нақты көрсетілуі керек. 1. Оқушы реакциясы мен іс-әрекеті. Әрекет кезеңі (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) бойынша оқушының әрекетін жазып отыру мысалы, зейін қою, онда оқушы тапсырма беру, түсіндіру сәтінің қай уақытында назарын жоғалтты. Сұрақ қойды ма, әлде тек тыңдап отырды ма? Сонымен қатар қандай қиындықтарға тап болды, сабаққа қатысу кезінде қай тапсырмада тоқталып қалды? Себеп қандай сабақтың түсініксіздігі ме, әлде білімнің жетіспеуі ме? А,В,С топтағы оқушылар назар аударған кезде А оқушы -

тапсырманы тез орындап бос отырып қалмады ма, күрделі сұрақтарға қаншалықты жауап берді? В оқушы - көрші парталасының не басқа оқушылардың көмегіне жүгінді ме? Қаншалықты өз бетінше шешім қабылдады соны білу. Ал С тобындағы оқушы тапсырманы бастауға батылы жетті ме, мұғалімнің қолдауы оған қаншалықты әсер етті деген сауалдырға жауап іздейді. Бақылаушыға арналған үш маңызды жәйтқа назар аударған дұрыс. Біріншісі, нақты фактыны жазу “оқушыға сабақ ұнады емес”, “оқушы тапсырманы орындап, парталас көршісіне де түсіндіріп берді” деп бақылау парағына жазған дұрыс. Бұл жерде оқушының мұғалімге қойған сұрағы, оның ойлау қабілетінің ең жақсы көрсеткіші болып саналады. Маңызды нәрсе сабақты бірге жоспарлап отырған кезде “Оқушы осы тапсырмада қиналады?” деп болжасаңыздар, бақылау кезінде сол болжам орындалды ма, жоқ па - сол әрекетке назар аударған жөн.

Қорытындылай келе, Lesson Study тәсілін мектеп практикасына жүйелі енгізу білім деңгейен арттырудың ең маңызды, әрі нәтижелі жолы. «Lesson Study — мұғалімнің шеберлігін шыңдайтын айна іспеттес», «Жақсы мұғалім сабақ беріп қана қоймайды, ол әр сабағынан өзі де үйренеді», «Оқушыны зерттеу арқылы біз болашақтың білімін көтереміз».

Ұсыныс: Lesson Study-ді бір реттік науқандық шара емес, жыл бойы жүретін процесс ретінде қабылдау;

Бақылау кезінде мұғалімнің іс-әрекетіне емес, оқушының оқу процесіне басымдық беру (оқушының қиналу себептерін анықтау);

Сабақтан кейінгі зерттеулерді ашық айтудан қорықпай, оның келесі сабақты жақсартудың тиімді әдісі ретінде қарастыру қарастыру.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. (Базалық деңгей). – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012.

2. Дудли П. Lesson Study: кәсіби дамудың практикалық нұсқаулығы. – Кембридж университетінің білім беру факультеті, 2011. (*Бұл Lesson Study негізін салушылардың бірінің басты еңбегі*).

3. Сүлейменова С. К., Нұрманова Ж. С. Lesson Study: сабақты зерттеу тәсілін мектеп практикасына енгізу әдістемесі. – Алматы, 2018 ж.

4. Льюис К. Сабақты зерттеу: мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған нұсқаулық. – Филантроп, 2002 ж.

5. Қазақстан Республикасында білім беру мазмұны аясындағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы. – Астана, 2016 ж.

6. Stigler JW, Hiebert J. The Teaching Gap: Сыныптағы білім беруді жақсартуға арналған әлемдік мұғалімдердің үздік идеялары. – New York: Free Press, 1999. (*Жапондық әдістемені әлемге танытқан негізгі еңбектердің бірі*).